



**Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму
бағдарламасының, Біріккен
Ұлттар Ұйымы Тұрғын халық
саласындағы қоры мен Біріккен
Ұлттар Ұйымы Жобаларға
қызмет көрсету басқармасының
Атқарушы кеңесі**

Distr.: General
5 July 2020
Kazakh
Original: English

2020 жылғы екінші кезекті сессия

2020 жылғы 31 тамыз – 4 қыркүйек, Нью-Йорк

Алдын ала күн тәртібінің 9-тармағы

Елдік бағдарламалар және байланысты мәселелер

Қазақстанға арналған елдік бағдарламалық құжат (2021-2025 жж.)

Мазмұны

	<i>Бет</i>
I. Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасындағы БҰҰДБ рөлі	2
II. Бағдарлама аясындағы басымдықтар мен әріптестіктер	6
III. Бағдарламаны және тәуекелдерді басқару	9
IV. Мониторинг және бағалау	10
Қосымша	
Қазақстанға арналған нәтижелер мен ресурстарды бағалау жүйесі (2021-2025 жж.)	11



I. Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасындағы БҰҰДБ рөлі

1. Қазақстан – жиырма жылдық өсу мен тұрақты әлеуметтік-экономикалық прогрестен кейін шешуші кезеңге жеткен табыс деңгейі орташадан жоғары ел. 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруді көздейтін өршіл мақсатына¹ жету үшін Қазақстан ендігі кезеңде өз институттарын одан әрі жаңғыртып, азаматтардың сенімін нығайтуға, әлеуметтік осалдықтарды жоюға, экономиканы әртараптандыруға және болашақ даму жолында төмен көміртекті баламаларды енгізуге бағытталған жаңа стратегияларды қабылдауға ұмтылуда. Қазақстан Адам даму индексінің өте жоғары көрсеткішіне (0,817²) қол жеткізіп, кедейлік деңгейін едәуір төмендеткенімен, әртүрлі өңірлер мен әлеуметтік топтардың арасында, әсіресе, елдің қалалары мен шалғайдағы ауылдық аудандардың арасында қатты байқалатын теңгерімсіз дамудың нәтижесінде белгілі теңсіздіктер сақталып отыр.

2. Елдің экономикасы табиғи байлықтарға арқа сүйеп, негізінен өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына негізделген. Ауыл шаруашылығының үлесі 2018 жылы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) құрамында бар болғаны 4,2%-ті құрады³. Соңғы он жыл ішінде орын алған бірқатар экономикалық күйзелістер тұрақтылық пен инклюзивті өсуге қауіп төндіретін әлеуметтік, экономикалық және экологиялық құрылымдық осалдықтарды ашып берді⁴. Өңірлік және жаһандық экономикамен интеграциялануға сауда тосқауылдары мен әлем нарықтарына дейінгі қашықтық шек қойып отыр. Мемлекеттік кәсіпорындардың үстемдігі экономиканы әртараптандыруды одан сайын қиындатып, жеке инвестиция салуды ынталандыру шараларын әлсіретеді⁵. Тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі өссе де, ара-тұра азайып отырады⁶. Мұнай бағасының күрт төмендеуі мен коронавирустық инфекция (COVID-19) дағдарысы 2020 жылдың басында бұл осалдықтардың бетін ашып, оларды тереңдетті. Нәтижесінде, 2020 жылы экономика көлемі 2,5 процентке қысқарады деп күтілуде⁷ және қосарланған дағдарыс халықтың осал топтарына одан әрі әсер етуі ықтимал болып отыр.

3. Үкіметте соңғы уақытта экономиканың өндіруші және жоғары көміртекті салаларға тәуелділігін азайту үшін білімге негізделген және төмен көміртекті даму жолының қажеттілігі жиі айтылып жүр. Бұл технологиялар, инновациялар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен нығайтылған тиісті адами капитал мен өндірістік әлеуетпен болашақ жұмыстың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру мен өнеркәсіпті бір-біріне сәйкестендіру арқылы трансформациялық өзгерістерді жүзеге асыруды талап етеді.

4. Қазақстанның өз экономикасын қалпына келтірудің орнықты жолдарын табуға деген ұмтылыстарына қарамастан, төмен көміртекті дамудың және климат өзгерістеріне бейімделудің нақты стратегиялары әзірше дайын емес. Елдің энергияның жаңғырмалы көздерін дамыту туралы өршіл мақсатын жүзеге асыруға нарықтарға, қаржыландыруға және техникалық мүмкіндіктерге байланысты түрлі кедергілер жол бермей тұр. Екі арада климат өзгеруінің ауылшаруашылық саласына, су ресурстарына, жайылымдар мен ормандарға әсері де байқалып жатыр. Болжалданып отырғандай, 2100 жылға қарай мұздықтар қазіргі массасының 50 процентінен астамын жоғалтса, қазірдің өзінде сел, су тасқыны мен қуаңшылық сияқты климатқа байланысты апаттар жиілеп, күшейе түскен және алдағы онжылдықта бұл үрдіс жалғасады деп күтілуде. Болжам бойынша,

¹ <https://strategy2050.kz/>

² <http://hdr.undp.org>

³ <http://economy.kz>

⁴ <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan/publication/economic-update-winter-2019>

⁵ Сонда.

⁶ Тікелей шетелдік инвестициялар 2016-2018 жылдары азайды (ЖІӨ үлесі ретінде).

⁷ <https://www.imf.org/en/Publications/WEO/Issues/2020/04/14/weo-april-2020>

климаттың өзгеруі 2100 жылға қарай су ресурстарының күрт азаюына (22 процентке дейін) себеп болып, елдің барлық сегіз бассейнінде су тапшылығына алып келуі ықтимал. Қазақстан – ірі бидай жеткізуші ел, алайда 2050 жылға қарай бұл сектордың өнімділігі 13-49 процентке төмендеп⁸, жыл сайынғы жалпы экономикалық шығыны 700 миллион долларға жетеді деп бағаланып отыр.

5. Аталған әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемалармен қатар, төмен есеп беру деңгейі азаматтар мен мекемелер арасындағы сенімсіздікке ықпал етеді. Соңғы уақыттағы оң беталыстарға қарамастан, Қазақстан Transparency International ұйымының Жемқорлықты қабылдау индексында 180 елдің ішінде 113-ші орында тұр⁹. Елде маңызды институционалдық реформалар жүргізілді, дегенмен елеулі прогреске қарамастан, электрондық үкіметке салынған инвестициялар әзірше қалаулы нәтиже берген жоқ. COVID-19 пандемиясы халықтың мүдделерін көздейтін, қызмет көрсетуге бағытталған және әсіресе халықтың осал топтарына қолжетімді болатын мемлекеттік сектордың неғұрлым жан-жақты түрленуі қажеттілігіне жаңа күшпен итермелейді. Сонымен қатар, ол іркілістерге төтеп беру әлеуетін күшейтуге шақырады, мұны табиғи апаттар мен пандемияларға дайын болу, оларға жауап беру және олардан кейін қалпына келтіру қабілеттерін қалыптастыру арқылы қамтамасыз етуге болады.

6. Қазақстан 2000 жылы 0,405-ке тең болған гендерлік теңсіздік индексінің көрсеткішін ұдайы төмендетіп, 2015 жылы оны 0,202-ге дейін түсірді, бұл өңір бойынша орташа көрсеткіштен төмен¹⁰. Алайда, саяси өкілдік, жұмыс күшіне қатысу¹¹, гендерлік негіздегі алалаушылық пен жалақы айырмашылығын қарастыратын басқа индекстер бойынша елдің көрсеткіштері гендерлік алшақтықтарды¹² одан әрі қысқарту және әйелдердің әлеуетін ашу қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі уақытта әйелдердің үлесіне парламенттегі орындардың тек 22 проценті тиіп отыр. Гендерлік зорлық-зомбылық әлі де кең таралған¹³. Қазақстанның бұл саладағы прогресі тұрақты сипатқа ие болып, көрсеткіштері басқа елдерге қарағанда тәуір болып отырғанына қарамастан, ер адамдар мен әйел адамдардың жұмыс күшіне қатысуы мен жалақысы арасындағы алшақтық қысқарған жоқ¹⁴.

7. COVID-19 індеті кезінде анықталғандай, бұл сын-қатерлер әсіресе халықтың ең осал топтары үшін өткір болып отыр. Үкімет халықтың осал топтарына өзгелердің арасында мүгедектерді, көпбалалы отбасыларды, жастарды, әйелдер мен қарттарды жатқызады. Бұл географиялық орналасу, климат жағдайлары, қызметтерге қолжетімдік және дискриминация сияқты факторлармен анықталады. Ауыл тұрғындары қатал климат жағдайларында, нарықтардан шалғайда өмір сүріп, ауыл шаруашылығындағы жұмысбастылықтың қысқаруынан зардап шегеді. Мұның бәрі шалғай аудандардағы жастардың жұмыссыздық алдында әсіресе осал болуына әкеп соғады. Табиғи апаттарға бейім, су тасқыны қаупі жоғары аудандардағы адамдар әсіресе осал болып отыр¹⁵.

8. Қазақстан өзінің орнықты даму жолын 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі мен «Қазақстан-2050» Стратегиясы шеңберінде сала бастады. Үкімет Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруды қадағалау үшін жоғары деңгейдегі институционалдық тетік құрып, оларды ұлттық саясат пен салалық бағдарламаларға интеграциялау бойынша батыл қадамдар жасады¹⁶. Алайда, елдегі стратегияларды нақты іске асыру үшін мықты саяси ерік-жігер мен дәйекті әрекеттер

⁸ <https://unfccc.int/documents/28937>

⁹ <https://www.transparency.org/country/KAZ>

¹⁰ <http://hdr.undp.org/en/GSNI>

¹¹ <https://www.weforum.org/reports/gender-gap-2020-report-100-years-pay-equality>

¹² <https://www.adb.org/documents/kazakhstan-country-gender-assessment-2018>

¹³ Сонда.

¹⁴ Сонда.

¹⁵ Common Country Analysis, United Nations, 2019.

¹⁶ Сонда.

кажет. Елдің тұрақты даму саласындағы күн тәртібі Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын (UNSDCF) әзірлеу үшін негіз болып, 5-ші, 10-шы, 13-ші, 16-шы және 17-ші Мақсаттар ондағы басым бағыттар ретінде айқындалды.

9. БҰҰДБ өзінің әріптестер арасындағы ұйымдастырушылық рөлінің, мықты жаһандық техникалық мүмкіндіктерінің және жергілікті қатысуының арқасында ұлттық саясатты айқындау, институционалдық әлеуетті дамыту және маңызды реформаларды әзірлеп, жүзеге асыруға бағытталған күш-жігерді қолдауда үкіметтің ұзақ мерзімді сенімді әріптесі ретінде бірегей орын мен құндылыққа ие болды. БҰҰДБ-ның көпжылдық әрі табысты тәжірибесі үкіметтердің қатысуы мен айнамастығына жәрдемдесіп, БҰҰДБ жұмысының тұрақтылығын жоғарылатуға және саяси басымдықтар өзгерістерінің оған әсерін азайтуға септігін тигізеді. БҰҰДБ өзінің бейтараптылығы, мемлекеттік қаржыландыруды пайдаланудағы тәртіптілігі, сатып алудың тиімді жүйелері және шешімдер қабылдаудағы ашықтығы үшін жоғары бағаланады¹⁷. Ол сектораралық ұлттық және халықаралық тәжірибені жұмылдыру, Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі және даму процесі бойынша басқа да әріптестермен берік әріптестік қатынастар орнату, жүзеге асырудың жаңа әдістерін енгізу және қаржыландыруды тарту қабілетімен танымал.

10. Осы елдік бағдарламалық құжатта (CPD) БҰҰДБ-ның Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі бірегей рөлін көрсететін бірқатар жаңа аспектілер баяндалған. Аталған аспектілер, әсіресе БҰҰДБ-ның айқын салыстырмалы артықшылығы бар салаларда, атап айтқанда: мекемелердің тиімділігі мен есеп беру міндетін арттыруда; азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуына жәрдемдесуде; тұрақтылықты нығайтуды, жасыл өсуді және инклюзивті экономикалық дамуды қолдауда; және климаттың өзгеруіне қарсы күреске жәрдемдесуде UNSDCF-тың барлық алты нәтижесіне қатысты қолданылады.

11. Жаңа аспектілердің біріншісі – БҰҰДБ-ның ұзақ мерзімді ықпалды жеделдету тәсілі, ол келесі төрт құрам бөліктен тұрады:

(а) Көшбасшылық. БҰҰДБ бірқатар Тұрақты даму мақсаттарының шеңберінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық талдау әдістерін өзара байланыстыру үшін өзінің бай жаһандық инновациялық құралдарын пайдалана отырып, заманауи деректер мен талдау нәтижелерін қолданады, сондай-ақ дамудың күрделі мәселелерін шешудегі түрлендіруші әрі дәлелдерге сүйенетін тәсілдерді қолдау үшін болжау мен визуализацияның жаңа құралдарын қолданады;

(б) Түрлі тұғырнамалар арқылы ресурстар мен әріптестіктерді пайдалану. БҰҰДБ мақсатты ұлттық тұғырнамалардың айналасына көптеген мүдделі тараптарды, оның ішінде даму саласындағы кешенді шешімдерді табу үшін кәсіпорындар мен қорлар сияқты дәстүрлі емес мүдделі тараптарды тарту арқылы біріктіреді. Бұл тұғырнамалар Оңтүстік-Оңтүстік ынтымақтастығы мен үшжақты ынтымақтастық шеңберіндегі әріптестердің ауқымды тобының ресурстарын тарту үшін өңірлік және жаһандық желілермен байланысты болады. Мемлекеттік қызмет пен Тұрақты даму мақсаттары бойынша жұмыс істеп жатқан тұғырнамалар үкіметпен, жеке сектормен және халықаралық қаржы мекемелерімен (ХҚМ) жаңа әріптестік қатынастар негізінде жасыл технологиялар мен қызметтерге инвестиция салу үшін ресурстар тарту мақсаттарында, өзгелердің арасында, жасыл қаржыландыру үдеткішін қамту есебінен кеңейтіледі;

(с) Инновациялар. БҰҰДБ инновацияларға институционалдандыру және ықпал ету ауқымын кеңейту мақсатында пайымдау, шешімдерді табу және эксперимент жүргізу тұрғысынан қарайды. Жоғарыда айтылған тұғырнамалық тәсілді пайдалана отырып, БҰҰДБ инновацияларды шешімдерді тексеру үшін және трансформациялық өзгерістерді жеделдетуді қолдау үшін қолданады. Мысалы, жасыл қаржыландыру

¹⁷ UNDP Independent Evaluation Office, Independent country programme evaluation: Kazakhstan, 2019.

жөніндегі жаңа тұғырнаманың көмегімен БҰҰДБ төмен көміртекті даму жолын қамтамасыз етуге бағытталған салмақты стратегиялық шешімдер қабылдау және әріптестік байланыстар мен ресурстарды тартуға жәрдемдесу жолындағы жаңа қаржылық шешімдерді сынап көрмек. БҰҰДБ инновацияларды басқа да салаларда, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді тиімді түрде әрі барынша кеңінен ұсыну үшін цифрлық тұғырнамалар құруға жәрдемдесу, азаматтардың қатысуын кеңейту¹⁸ және қауымдар деңгейінде саясатты жаңғырту арқылы қолданады;

(d) Саясат нәтижелерін масштабты шешімдерге ұластыру. Жоғарыдағылардың бәрі масштабтау және саяси-құқықтық негіздерді қалыптастыруға жәрдемдесу арқылы қажетті ықпалдың катализаторы қызметін атқарады. Үкіметтің жасыл экономикаға көшу және орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңестерінің мүшесі бола отырып, БҰҰДБ халықтың неғұрлым осал топтарын барынша қамтуға бағытталған даму саласындағы анағұрлым кең ауқымды шараларға байланысты жоғары деңгейдегі саяси кеңестер беруді жалғастырады. БҰҰДБ Біріккен Ұлттар Ұйымының COVID-19-дан кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайын қалпына келтіруге қатысты ден қою шараларын қолдауға ерекше назар аудара отырып, мемлекеттік секторды реформалау, цифрландыру және еңбек нарығын түрлендіру жөніндегі күш-жігерді қолдайды.

12. Елдік бағдарламаның екінші жаңа аспектісі оның төрт кешенді шешімді ұсынуы болып табылады: а) адами капитал; б) сапалы қызметтер; с) жасыл экономика; және d) кешенді жергілікті даму. Бұлар тежеуші факторларды жою үшін және барлық бағдарламалық салаларда мультипликативтік әсері бар саяси шараларды енгізу үшін қолданылады. Мысалы, адами капиталды дамыту бір жағынан білімге негізделген экономикалық трансформацияға қажетті біліктілік пен өндірістік әлеуетті күшейтетін болса, екінші жағынан елдегі озық білім мен технологияларға қол жеткізуге қатысты теңсіздік проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. Қызмет көрсету сапасын көтеру азаматтар мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етіп, сонымен бір уақытта халықтың осал топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға және елдегі мекемелердің COVID-19 сияқты сілкіністерге төтеп беру қабілетін арттыруға жәрдемдеседі. Жасыл экономикаға үзбей назар аудару экологиялық проблемаларды шешумен бірге жаңа жұмыс орындарын құруға және экономиканы әртараптандыруды қолдауға ықпал етеді деп күтілуде. Кешенді жергілікті даму жергілікті кәсіпорындар мен өндірістік-өткізу тізбектерінің жағдайын жақсартып, инклюзивті басқаруға жағдай жасайды, азаматтардың өнімді қатысуына ықпал етеді және жастар мен әйелдер үшін мүмкіндіктер жасайды.

13. Үшінші жаңа аспект – бағдарламалық іс-шаралардың мәнін келесі күш-жігердің есебінен күшейту: а) деректер мен білімге баса назар аудара отырып, Тұрақты даму мақсаттарымен жақсырақ байланыстыру; б) жергілікті басқаруға, сот жүйесіне және тәртіпті сақтауға баса назар аудара отырып, басқару мәселелеріне кеңірек мән беру; с) климаттық маңызы бар қызметті қаржыландыру мен жеке секторға баса назар аудара отырып, климаттың өзгеруіне төтеп беру мәселесін қайта анықтау; d) білімге және болашақ жұмыс орындарына баса назар аудара отырып, экономикаға, кәсіпкерлікке және дағдыларға жаңа ықыласпен қарау; және f) теңсіздікті жоюға баса назар аудара отырып, әлеуметтік саясатқа аударылып отырған назарды тереңдету.

14. Барлық жұмыс салаларында және UNSDCF-ті жүзеге асыруды қолдау мақсатында БҰҰДБ Қазақстан мен басқа елдер арасындағы білім алмасу желілерін және ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі. Өңірлік және өңіраралық ынтымақтастық арқылы өз тәжірибесімен бөлісе отырып және басқалардан озық тәжірибені үйрене отырып, Қазақстан өз рөлін жоғарылата алады. Даму мақсатындағы ресми көмек жүйесінің институттандырылатыны сөзсіз. БҰҰДБ Астанадағы мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабтың мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, гендерлік теңдік және кешенді жергілікті даму саласындағы прогресті жеделдететін

¹⁸ https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy

инновациялық тұғырнамаға айналу үрдісін қолдайды. Тұрақты даму мақсаттарының тұғырнамасы саяси шараларды деректер мен инновациялық қаржыландыру жөніндегі ақпарат пен тәжірибе алмасуға жақсырақ байланыстыру мақсаттарында өңірдегі елдерді жақындастыру үшін кеңейтіледі.

II. Бағдарлама аясындағы басымдықтар мен әріптестіктер

15. Тұрақты даму мақсаттарын басшылыққа ала отырып, БҰҰДБ Қазақстанға «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында және басқа да басты стратегиялары мен жоспарларында бекітілген ұлттық басымдықтарды іске асыруда қолдау көрсетеді. Бұл басымдықтар экономикалық өсудің және еңбек өнімділігін арттырудың жаңа моделін іздеуді, іскерлік ортаны жақсартуды және секторлар бойынша жаңа технологияларды масштабтауды, басты мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен бюджеттердің институционалдық өнімділігі мен тиімділігін арттыруды, құқық қорғау және сот жүйелерін жаңғыртуды, білім беру және денсаулық сақтау сапасын арттыруды және әсіресе шалғай аудандарда аймақтық экономикалық дамуды қолдауды қамтиды.

16. БҰҰДБ жұмысы Қазақстанға экономиканы әртараптандыру, мекемелерді жаңғырту, теңсіздікті қысқарту және табиғи ресурстарды орнықты басқару жолымен оның өсу серпінін сақтауда қолдау көрсете отырып, осы ұлттық басымдықтардың барлығы бойынша жүргізіледі. БҰҰДБ-ның өзіне ғана тән алты шешімін қолдану елге құрылымдық түрлендіруді жеделдетуге және болашақ сілкіністерге жақсырақ дайындалуға көмектесу үшін аса маңызды болады. Атап айтқанда, БҰҰДБ бұл елге төменде сипатталған төрт негізгі салада көмек көрсетеді.

Әлеуметтік осалдық пен теңсіздік проблемаларын шешу

17. Үкімет әлеуметтік қорғауға көп көңіл бөліп отыр және әлеуметтік қорғауды барлық адамдар үшін, әсіресе халықтың ең осал топтары үшін қамтамасыз ету бойынша жаңа ауқымды бастамаларды әзірледі. БҰҰДБ қызметтерді көрсетушілердің әлеуетін нысаналауды, шоғырландыруды және нығайтуды жетілдіру мақсатында әлеуметтік қорғау тұғырнамаларының жаңа модельдерін сынақтан өткізуге және масштабтауға қолдау көрсетеді. Ол мүмкіндігі шектеулі адамдарға, қарт адамдарға және көпбалалы отбасыларға ауқымды қызмет көрсетуге жеке әдіс қолдануды мүмкін ететін цифрлық шешімдерді қолдауды жалғастырады. Мұндай қызметтерді цифрландыру оларды халықтың осал топтарына үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайлар тұрғысынан сыналатын болады.

18. Халықтың осал топтарына қатысты жұмыс өз жалғасын ұлттық әлеуметтік қолдау жүйелерін дамытуға саяси қолдау көрсетуден табады. Денсаулық сақтау секторында БҰҰДБ денсаулық сақтау қызметтерінің дағдарыстарға дайын болу, оларға ден қою және олардан кейін қалпына келтіру салаларындағы жалпы жүйелік тұрақтылығын қолдай отырып, жоғары сапалы дәрі-дәрмектерді жеткізу тиімділігін жоғарылатуды қамтамасыз етуін жалғастырады.

19. БҰҰДБ жастарға ерекше көңіл бөледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа мекемелерімен бірге ол терроризмге алып келетін зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу жөніндегі өңірлік бастаманы кеңейтеді. Географиялық қамтуды кеңейту бұл жұмыстың кеңірек мақсатты жас тобын қамтып, қауымдастықтардың тұрақтылығын арттыратын тәжірибелік модельдерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс осал топтағы жас әйелдер мен ерлердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етіп, жастар ресурстық орталықтарымен ынтымақтастықта тұрақты даму мүддесіндегі хабардарлықты арттыру мақсаттарында кәсіпкерлік қызметтің әлеуметтік және экологиялық нысандарын ендіруге жәрдемдеседі.

Жемқорлықтан ада әрі неғұрлым тиімді және есеп беруге міндетті мекемелер арқылы азаматтардың сенімін нығайту

20. БҰҰДБ азаматтардың институционалдық реформаға деген сенімін нығайтуға бағытталған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет»¹⁹ тұжырымдамасын қолдайды. Бұл цифрландыру арқылы мемлекеттік басқаруды, дағдарыстарға дайындықты және оларға төтеп беру қабілетін жетілдіруді қамтитын болады. Жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмыс секторлық тәуекелдерді басқару мен мінез-құлық модельдерін жете түсінуді енгізуден бастап электрондық қызметтерді ұсынуды жақсартуға және азаматтарды бюджеттен қаржы бөлу мен мемлекеттік сатып алу процестеріне қатыстыруға дейінгі инновациялық алдын алу шараларын қамтиды.

21. Ұлттық деңгейде жүргізілетін жұмыс азаматтардың теңсіздік пен кемсітушілік проблемаларын тиімдірек шешуге мағыналы түрде қатысуын қамтамасыз ету үшін инклюзивтік және гендерлік аспектілерді ескеретін жоспарлау, бюджетті қалыптастыру және мониторинг жүргізу тәсілдеріне ерекше назар аудара отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жұмысымен толықтырылатын болады. Бұл адалдық қағидаттарын сақтау және азаматтарды жергілікті дамуға қатыстыру бойынша жергілікті билік органдарының (әкімдіктердің) әлеуетін қолдауды қамтиды. 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін ілгерілету үшін парламентпен әріптестік жандандырылады.

22. БҰҰДБ ел басшылығы басымдық ретінде белгілеген сот және құқық қорғау жүйелерін реформалауға қатысуды масштабтау жұмысын жүргізеді. БҰҰДБ-ның сот төрелігінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Жоғарғы Сотпен және Жоғары Сот Кеңесімен бірлескен жұмысы кеңейтіліп, сот әкімшілігін қоса алғанда, жаңа салаларды қамтитын болады. БҰҰДБ полицияны жаңғыртуға және оның халықпен жұмысына одан әрі қолдау көрсетеді. Құқық үстемдігі азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін нығайту жөніндегі іс-қимылдың басым әрі өскелең саласы болып қала береді. Бұл жұмыс, сондай-ақ, әмбебап кезеңдік шолуға, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға және Пекин декларациясы мен Іс-қимыл тұғырнамасына және олармен байланысты басқа да процестерге байланысты үкімет міндеттемелерін жүзеге асыруда көмек көрсетуді қамтиды.

23. БҰҰДБ тұғырнамаға негізделген тәсілді ұсына отырып, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі шеңберінде өзінің әріптестік қатынастарын кеңейтеді. БҰҰДБ үкімет жанындағы үйлестіру кеңесімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасай отырып, Тұрақты даму саласындағы мақсаттардың міндеттерін және оларға жету көрсеткіштерін ұлттық стратегиялық жоспарлау мен дамуды қаржыландыру жүйелеріне енгізу ісінде үкіметке қолдау көрсетеді. БҰҰДБ: (а) өзінің саясатты әзірлеу бойынша жаһандық желісі арқылы талдамалық қолдауды қамтамасыз ету; (b) мемлекеттік және жеке сектор мен халықаралық ұйымдардан даму мақсаттарына ресурстар тарту; және (с) қаржы ресурстарын әртараптандыру және олардың көлемін ұлғайту мақсатында саяси реформаларды қолдау арқылы Қазақстанға әлеуетті қосымша қаржыландыру көздерін анықтауға көмектеседі. БҰҰДБ бұдан әрі де дамуды қаржыландырудың біртұтас және ұзақ мерзімді стратегиясын қорғайтын болады.

24. БҰҰДБ даму саласындағы ұлттық ынтымақтастық жүйесіне және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және мемлекеттік қызметті жетілдіру сияқты ыңғайлас бастамаларға қолдау көрсете отырып, Қазақстанға танымал жаһандық ойыншы рөліне ие болуға көмектесуін жалғастырады. Астанадағы мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабтың халықаралық беделін өсіру, Оңтүстік-Оңтүстік ынтымақтастығын қолдау, Тұрақты даму мақсаттарының өңірлік тұғырнамасын

¹⁹ https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-bashhysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy

эзірлеу және жасыл экономика, орнықты энергетика саласында және басқа да салаларда Қазақстанның тәжірибе алмасуы үшін өңірлік диалогтарға жәрдемдесу бойынша келісілген күш-жігер жасалатын болады.

Өнімділігі жоғары әртараптандырылған және білімге негізделген экономикалық өсуді ынталандыру

25. Үкімет экономикалық өсімнің жаңа моделін жүзеге асыру мен еңбек өнімділігін арттыру жолында адами капиталды дамыту қажеттілігін мойындайды. Бұл бағыттағы жұмыс білімге негізделген экономика бойынша елдік тұғырнама құруға, жұмыс күшін қайта даярлау және оның біліктілігін жоғарылату арқылы білім беру мен жұмыс берушілердің қажеттіліктері арасындағы алшақтықты жоюға және жаңа технологиялар туғызатын болашақ сұранысты қанағаттандыру үшін ғылыми зерттеулер мен инновацияларды ынталандыруға зейін қоюға тиіс. БҰҰДБ кәсіптік-техникалық және білім беру мекемелерімен, кәсіпорындармен және әлеуметтік инкубаторлармен ынтымақтаса отырып, жас әйелдер мен ерлердің кәсіби және кәсіпкерлік дағдылары мен жұмыспен қамту саласындағы орнықтылық қабілетін нығайтады.

26. БҰҰДБ-ның жұмыс күші мен экономиканы жаңғырту саласындағы жұмысы жеке сектордың даму деңгейін және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру жөніндегі анағұрлым кең күш-жігермен байланыстырылады. БҰҰДБ ауыл шаруашылығы және экотуризм секторларынан бастап, өзара байланысты экологиялық, экономикалық және әлеуметтік салдарларды тиісінше ескере отырып өндірістік-өткізу тізбектерін нығайтуға және біріктіруге ықпал жасау мақсатында жаңа технологиялар мен әдістерді енгізуге жәрдемдеседі. Жергілікті экономикалық даму үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында БҰҰДБ Қазақстанның жағдайы ең нашар аудандары үшін аумақтық даму бағдарламаларын эзірлеуге және іске асыруға қолдау көрсететін болады. Бұл жұмыс, сонымен қатар, Тұрақты даму мақсаттарын жергілікті жоспарлар мен бюджеттерде өзектендіру құралдарын енгізуге мүмкіндік береді.

27. БҰҰДБ өңірлік экономикалық ынтымақтастық арқылы экономикалық қызметті әртараптандыруды қолдау мақсаттарында COVID-19 пандемиясынан кейінгі кезеңде өндірістік-өткізу тізбектері мен сауда қатынастарының экономиканы қалпына келтірудегі әлеуетін назарға ала отырып, оларды жетілдіру мақсатында мекемелермен, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясы мен Халықаралық сауда орталығымен ынтымақтасады.

28. Бұл жұмыс бағыты әлеуметтік осалдық, климат және табиғи апаттарға төзімділік мәселелері бойынша басқа жұмыс бағыттарымен тығыз байланысты. Экономикалық болашаққа дайындық тиісті әлеуметтік саясаттың жоқтығы мен COVID-19 індетінен туған іркілістерге байланысты пайда болуы ықтимал жаңа осалдықтар мен теңсіздік факторларын қарастыруды қамтиды. БҰҰДБ Қазақстанның ықтимал экономикалық сілкіністерге және еңбек нарығы мен кәсіпкерлік салаларындағы ұзақ мерзімді қайта құру үрдістеріне төтеп беру қабілетін нығайтуға деген біртұтас көзқарасын жүзеге асыруда қолдау көрсету үшін түрлі әріптестермен жұмыс істейді.

Климаттың өзгеруіне және апаттарға төтеп беру қабілетін және төмен көміртекті табиғи өсуге қолдау көрсету

29. БҰҰДБ Қазақстанға жұмыс орындары мен кәсіпкерлік салаларында ашылатын жаңа мүмкіндіктерді пайдалану үшін жасыл экономиканың ауқымдарын кеңейтуді қолдай отырып, Париж келісімі бойынша өз міндеттемелерін орындауға көмектеседі. Ол стратегияларды нақты іс-қимылдарға айналдыру үшін, климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын жұмсарту жұмыстарына мониторинг жүргізу жүйесін құру үшін және жасыл энергетикаға көшу, жер пайдалану, биоалуантүрлілік, орманды қалпына келтіру, апаттар қаупін азайту және қалдықтарды басқару жоспарларын эзірлеу үшін техникалық сарапшыларды тарту мақсаттарында Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа мекемелерімен әріптестік қарым-қатынастар құрады.

30. БҰҰДБ-ның климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы жұмысы жасыл қаржыландыру үдеткішінің көмегімен таза технологиялар мен төмен көміртекті кәсіпкерлікті дамытуды қаржыландыру тетіктерін әзірлеуге және масштабтауға бағытталады. Бұл жұмыс «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен бірге апробациядан өткен энергия тиімділігін және энергияның жаңғырмалы көздерін қаржыландыру тетіктеріне сүйеніп, кейін басқа секторларды да қамтитын болады. Төмен көміртекті кәсіпкерлікті өзге инновациялық тетіктердің арасында жасыл облигациялар шығару, жаңғырмалы энергия көздерінің аукциондық сауда-саттықтарын өткізу мен көміртегі шығарындыларына квоталарды сату арқылы дамыту жоспарланып отыр.

31. Өзінің биоалуантүрлілік, мал шаруашылығы мен суармалы егіншілік саласындағы жұмысының жалғасы ретінде БҰҰДБ ауыл шаруашылығын жүргізудің жаңа шешімдері мен неғұрлым тиімді әдістерін, оның ішінде суды үнемдеу мен жинауға арналған әдістерін енгізеді және масштабтайды. Жеке сектордың қатысуымен бұл технологиялар ауыл шаруашылығының өнімділігін арттырып, қуаңшылық жылдарындағы өнімділіктің төмендеуін ішінара жабады деп күтілуде. Өсіп отырған қауіпті табиғи құбылыс тәуекелдерінің тұсында БҰҰДБ жаңа жұмыс орындарын құруға ұмтыла отырып, саясатты әзірлеу, әлеуетті нығайту және табиғи апаттардың алдын алу және оларға ден қою жүйесін құру үшін Төтенше жағдайлар комитетімен ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

32. БҰҰДБ жоғарыдағы барлық салаларда гендерлік теңдікті және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді қолдайды. Ол гендерлік теңдікті қамтамасыз ету тетігін нығайтуға, гендерлік мәселелерге қатысты басты заңнамалық актілерді жүзеге асыруды ілгерілетуге, климаттың өзгеруі мен апаттардың гендерлік тұрғыдан ерекше салдарларын еңсеру жөніндегі ұлттық әлеуетті нығайтуға және әйелдердің парламентте, кәсіпорындар мен мемлекеттік басқару органдарында шешімдер қабылдау процесіне қатысуын қолдауға көмек көрсетеді. БҰҰДБ әйелдердің біліктілігін арттыруға және жасыл энергетика мен цифрлық қызметтерді қоса алғандағы жаңа секторларда олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтылады. Жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алуға көмектесу үшін БҰҰДБ саяси диалогты ілгерілетеді және құқық қорғау мен сот төрелігі секторының әлеуетін дамытуға бағытталған күш-жігермен байланыстырылған заңнамалық реформаларды жүзеге асыруға ұмтылады.

III. Бағдарламаны және тәуекелдерді басқару

33. 2016-2020 жылдарды қамтыған кезеңде ұлттық бюджет бағдарламалар бойынша жалпы бюджеттің 30 процентке жуығын қамтыған қосалқы қаржыландырудың негізгі көзі болды. Мемлекет шығыстарды қаржыландыруға әлдебір болжам жасауға мүмкіндік беретін тетіксіз жыл сайынғы және жобалық негізде қатысты. Қаражаттың басым бөлігі сатылас (тіке) мақсатты қорлардан, ал аймақтық жобалар үшін – тікелей донорлардан келіп отырды. Қазақстандағы донорлық кеңістіктің кішіреюі БҰҰДБ-дан қаржыландыру моделін қайта қарастыруды талап етеді. Шығыстарды үкіметтің бірлесіп көтеруі туралы шешімдерді бекітудің болжанбайтын, күрделі әрі көп деңгейлі процесінен құтылу үшін БҰҰДБ мен үкімет стратегиялық басым салалар бойынша қаражатты жыл сайын бөлу тұрғысынан жылда қайта қаралатын болжам жасауға мүмкіндік беретін қаржыландыру туралы келісімге қол қоюды көздейді. Шешім қабылдайтын негізгі органның рөлін Стратегиялық консультативтік кеңес атқарып, оның жұмысын осы елдік бағдарламаны ұлттық орындаушы мекеме ретінде Ұлттық экономика министрлігі үйлестіреді.

34. Экономикалық рецессия немесе үкіметтің даму саласындағы басымдықтарының өзгеруі елдің БҰҰДБ бағдарламаларына немесе елдегі оның бөлімшелеріне қажетті ресурстарды бөлу қабілетін әлсіретуі мүмкін. БҰҰДБ бұл тәуекелді өзінің стратегиялық әріптестік қатынастарын әртарапандыруға әрекет жасау жолымен,

ХҚМ-нен, іскер топтар мен үкіметтік емес сектордан келіп түсетін жаңа қаржыландыруды бөлу жолымен және инновациялық бағдарламалау құралдарын қолдану жолымен басқарады. Қаржыландыру толық көлемде қамтамасыз етілмесе, БҰҰДБ мен үкімет ресурс қажеттіліктерін қанағаттандыру және олармен байланысты тәуекелдерді басқару үшін бағдарлама мақсаттары мен іс-шараларын қайта қарайды. БҰҰДБ табиғи апаттар мен денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар сияқты дағдарыстар тәуекелдерін қадағалап отырады. Олар орын алған жағдайда үкіметтің көмек көрсету туралы өтінішінің негізінде операциялар БҰҰДБ-ның корпоративтік процестеріне сәйкес ыңғайластырылатын болады. COVID-19 туғызған дағдарысқа байланысты орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық оқиғалардың тәжірибесі туындаған даму сын-қатерлеріне ХҚМ мен жаһандық құрылымдардан ресурстарды тарту арқылы жедел әрі тиімді жауап беру мүмкіндігін көрсетеді.

35. Бұл құжатта БҰҰДБ-ның ұлттық нәтижелерге қол жеткізуге қосатын үлесі туралы ақпарат келтірілген және ол нәтижелерді сәйкестіру мен бағдарламаға ел деңгейінде бөлінетін ресурстарды пайдалану бойынша Атқарушы кеңестің алдында есеп берудің басты негізі ретінде қызмет етеді. Ел, өңір және штаб-пәтер деңгейіндегі басшылардың елдік бағдарламаларға қатысты жауапкершілігі ұйымның бағдарламалар мен операцияларға қатысты саясаты мен рәсімдерінде, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінде белгіленген.

36. Бағдарлама ұлттық деңгейде жүзеге асырылады. Ондай қажеттілік туған жағдайда форс-мажорлық жағдайларға ден қою мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін бағдарламаны ұлттық деңгейде жүзеге асыру ішінара немесе толығымен тікелей жүзеге асырумен алмастырыла алады. Қаржылық тәуекелдерді басқару үшін қаражат аударудың үйлестірілген тәсілі Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа мекемелерімен үйлестіре отырып қолданылады. Бағдарламаны жүзеге асыру мен даму мақсаттарындағы іс-шаралардың тиімділігін қамтамасыз етуге арналған шығындарды айқындау және жіктеу шығындары тиісті жобалардың шотына жатқызылады.

IV. Мониторинг және бағалау

37. Тұрақты даму мақсаттарының міндеттері мен оларға жету көрсеткіштерін ұлттық стратегиялық жоспарлау жүйесіне және UNSDCF-ке енгізу бірлескен жұмыстың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. БҰҰДБ даму саласындағы прогресті бағалау және елге ұлттық деректердің сапасы мен қолжетімдігін жақсартуда көмек көрсету үшін ұлттық деректер жүйесін пайдаланатын болады. Есеп комитетімен, Статистика комитетімен, Экономикалық зерттеулер институтымен және басқа да тиісті мекемелер мен азаматтық қоғам ұйымдарымен бірлесе жұмыс жасай отырып, БҰҰДБ ұлттық бағдарламалардың нәтижелері мен жинақталған тәжірибені неғұрлым тиімді түрде есепке алу үшін ұлттық мониторинг және бағалау (МжБ) әлеуетін дамытуға инвестиция салады. Пайымдау, жедел кешенді бағалау және дамуды қаржыландыруды бағалау, сондай-ақ үлкен деректерді жинау мен визуализациялау сияқты БҰҰДБ пайдаланатын жаңа әрі инновациялық әдістемелер БҰҰДБ-ға ұлттық мониторинг жүйесін жаңғырту үшін ең дұрыс әріптес болу үшін қажетті құралдар мен салыстырмалы артықшылықтар береді.

38. Ішкі деңгейде БҰҰДБ өзінің МжБ саласындағы әлеуетін нығайтады. Өзінің орындаушы әріптестерімен бірге БҰҰДБ бағдарламаларды жүзеге асырудағы жыл сайынғы прогреске бірлескен шолулар жүргізеді. МжБ сапасын бақылау БҰҰДБ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес тәуелсіз тексерулер мен бағалау жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі. БҰҰДБ мен әріптестер тиісті нақты деректерді үнемді түрде жинауды қамтамасыз ету үшін жаңа әдістерді қолдана отырып, бағалау жоспарын жүзеге асырады. Осыған байланысты басты тәуекелдерді елдік бағдарламаның тәуекелдерді тіркеу журналы шеңберінде ескере отырып, елдегі бөлімше жоспарлаған кеңейтілген талдамалық базаны және күшейтілген кадрлық әлеуетті пайдаланып егжей-тегжейлі әзірленген мониторинг жоспары жасалады.

Қосымша. Қазақстанға арналған нәтижелер мен ресурстарды бағалау жүйесі (2021-2025 жж.)

ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚ НЕМЕСЕ МАҚСАТ: «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік				
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ (НЕМЕСЕ БАЛАМАЛЫ ҚҰЖАТ) БОЙЫНША БҰҰДБ ҚАТЫСУЫН КӨЗДЕЙТІН НӘТИЖЕ №1: 1.1. 2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беруге міндетті мекемелер Қазақстанда тұратын барлық адамдарға, әсіресе осал топтарға сапалы және гендерлік аспектілерді ескеретін әлеуметтік қызметтерге «ешкімді артта қалдырмау» қағидатына сәйкес тең қолжетімдікті қамтамасыз етеді				
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫ НӘТИЖЕСІ: Нәтиже 2. Тұрақты дамуға қажетті құрылымдық түрлендіруді жеделдету				
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ, БАСТАПҚЫ МӘНДЕР, МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР	ДЕРЕКТЕР КӨЗИ МЕН ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖИЛІГІ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ ТАРАП	ЕЛДІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ БОЛЖАЛДЫ НӘТИЖЕЛЕРІ (оның ішінде, көрсеткіштер, бастапқы мәндер, мақсатты көрсеткіштер)	НЕГІЗГІ ӘРІПТЕСТЕР / ӘРІПТЕСТІКТИҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ	НӘТИЖЕ БОЙЫНША БОЛЖАЛДЫ ШЫҒЫС (\$)
<p>(ТДМ 1.a.2) Негізгі қызметтерге (білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қорғауға) жұмсалатын жалпы мемлекеттік шығыстардың үлесі Бастапқы мән: 50% (2019) Мақсатты көрсеткіш: 55% (2025)</p> <p>(ТДМ 1.b.1) Әйелдерге, халықтың кедей және осал топтарына басым пайда әкелетін секторлардағы ағымдағы және күрделі мемлекеттік қаржы шығыстарының үлесі Бастапқы мән: 21,7% (2019) Мақсатты көрсеткіш: 25% (2025)</p>	<ul style="list-style-type: none"> Статистика комитеті (жыл сайын) Қаржы министрлігі ЕХӘҚМ 	<p>Нәтиже 1.1: Маргиналданған топтардың, атап айтқанда кедейлер, әйелдер, мүгедектер мен мәжбүр көшкіндердің сапалы негізгі қызметтерге қол жеткізу мүмкіндіктері кеңейтілді</p> <ul style="list-style-type: none"> Көрсеткіш 1.1.1: Қазақстанның жеті облысы мен үш қаласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге халықтың осал топтарының қанағаттануы (%), жынысы, жасы, мүгедектігі, географиялық белгісі бойынша бөлінген) Бастапқы мән: қолжетімсіз (2020) Мақсатты көрсеткіш: 85% (2025) Дереккөз, жиілік: Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ұлттық сауалнамасы, жыл сайын Көрсеткіш 1.1.2: Сатып алынған өмірлік маңызды дәрі-дәрмектерді пайдаланатын халықтың осал топтарының саны Бастапқы мән: 22 000 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 43 000 (2025) Дереккөз, жиілік: жобаны жүзеге асыру туралы есеп, жыл сайын <p>Нәтиже 1.2: Әлеуметтік қорғаудың инклюзивті және орнықты жүйелерін біртіндеп кеңейтуге қажетті әлеует нығайтылды</p>	<p>Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (ЕХӘҚМ) Ішкі істер министрлігі (ІІМ) Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Біріккен Ұлттар Ұйымының мекемелері (ХКҚҰ, БҰҰ ЕҚБ, ЮНИСЕФ) БҰҰ мен жастар орталықтары Ғылыми-зерттеу институттары</p>	<p>Қалыпты бюджет: \$258 800</p> <p>Басқа көздер: \$10 000 000</p>

		<ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 1.2.1: Халықтың осал топтары үшін әлеуметтік қызметтердің атаулылығын жақсарту, мониторингілеу және бағалау құралдары әзірленді Бастапқы мән: 0 (2020) Мақсатты көрсеткіш: 3 (2025) Дереккөз, жиілік: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, жыл сайын • Көрсеткіш 1.2.2: Өзірленген және іске асырылған гендерлік аспектілерді ескеретін әлеуметтік стратегиялардың саны Бастапқы мән: 1 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 5 (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын 		
<p>ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚ НЕМЕСЕ МАҚСАТ: Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары: 4-реформа. Құқықтық мемлекет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл</p>				
<p>ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ (НЕМЕСЕ БАЛАМАЛЫ ҚҰЖАТ) БОЙЫНША БҰҰДБ ҚАТЫСУЫН КӨЗДЕЙТІН НӘТИЖЕ №2: 2.2. 2025 жылға қарай мемлекеттік мекемелер барлық деңгейлерде адам құқықтары мен фактілерге негізделген гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлейді және жүзеге асырады және инклюзивті, ашық және есеп беруге міндетті негізде сапалы қызметтер көрсетеді</p>				
<p>СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫ НӘТИЖЕСІ: Нәтиже 2. Тұрақты дамуға қажетті құрылымдық түрлендіруді жеделдету</p>				
<p>Халықтың сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы (16.5.1 (G) көрсеткішімен байланыстырылған) Бастапқы мән: 34 балл (2019) Мақсатты көрсеткіш: 38 балл (2025)</p> <p>Соңғы 12 айда мемлекеттік лауазымды тұлғамен кем дегенде бір рет түйіскен және мемлекеттік лауазымды тұлғаға пара берген немесе ондай мемлекеттік лауазымды тұлғалар олардан пара талап еткен коммерциялық компаниялардың үлесі (16.5.2 (G) көрсеткішімен байланыстырылған)</p> <p>Бастапқы мән: 12,1% (2019) Мақсатты көрсеткіш: 9% (2025)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Transparency International (жыл сайын) • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі • Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ) (жыл сайын) 	<p>Нәтиже 2.1: Кең ауқымды қатысу және жаппай қамту негізінде бюджетті қалыптастыру және жоспарлау арқылы 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін жүзеге асыру үшін қажетті жүйелер мен әлеует нығайтылды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 2.1.1: Бюджетті халықтың кең қатысуы тұрғысынан жоспарлау және қалыптастыру тәсілдерін қабылдаған аудандардың үлесі Бастапқы мән: 0 (2020) Мақсатты көрсеткіш: 20% (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын <p>Нәтиже 2.2: Мекемелер мен жүйелерге басқарудың тиімділігін, ашықтығын және жалпы қамтуын арттыру және ұлттық және жергілікті деңгейлерде қызметтер көрсету мақсатында институционалдық реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер жасалды</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ИМ - Президент Әкімшілігі - Премьер-Министрдің Кеңесі - ҰЭМ - Экономикалық зерттеулер институты - Мемлекеттік қызмет істері агенттігі - Парламент - Жоғары Сот Кеңесі - ТДМ жөніндегі үйлестіру кеңесі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі - Тұрақты үйлестіруші кеңесі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының мекемелері - Азия даму банкі - Еуропа одағы 	<p>Қалыпты бюджет: \$313 200</p> <p>Басқа көздер: \$18 500 000</p>

<p>16.6.2 (G) Соңғы рет мемлекеттік қызметтерді пайдалану тәжірибесіне қанағаттанған халық үлесі Бастапқы мән: 74,8% (2019) Мақсатты көрсеткіш: 78%</p> <p>17.14.1 (N) Орнықты даму саласындағы саясаттың келісімділігін арттыруға бағытталған қолданыстағы тетіктер Бастапқы мән: Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылды, оның құрамына үкіметтің, азаматтық қоғамның және халықаралық ұйымдардың өкілдері кіреді (2018) Мақсатты көрсеткіш: ТДМ жөніндегі үйлестіру кеңесі ұлттық стратегиялық жоспарлау және бюджеттендіру жүйесіне ТДМ-ді толық масштабты біріктіру үшін барлық мүмкіндіктерді жасады Бастапқы мән: 80% (Біріктіруді жедел бағалау 2019) Мақсатты көрсеткіш: 100% (2030)</p> <p>5.5.1 (G) Әйелдер (a) ұлттық парламентте және (b) жергілікті билік органдарында алып отырған орындардың үлесі Бастапқы мән: (a) 27,6% (2018) Мақсатты көрсеткіш: 50% (2030) Бастапқы мән: (b) 22,2% (2018) Мақсатты көрсеткіш: 50% (2030)</p> <p>Цифрландырылған мемлекеттік қызметтердің үлесі (16.6.2-көрсеткішке байланыстырылған): Бастапқы мән: 74% (2019) Мақсатты көрсеткіш: 98% (2025)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Статистика комитеті (жыл сайын) 	<ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 2.2.1: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, жеңілдету және жою үшін қабылданған (ұлттық, субұлттық немесе секторлық деңгейде) тиімді шаралар саны Бастапқы мән: 1 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 6 (2025) Дереккөз, жиілік: Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, жыл сайын • Көрсеткіш 2.2.2: Әлеуметтік қызметтерге деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін инновациялық шешімдерді ұсынған қолдау көрсетілетін АҚҰ үлесі Бастапқы мән: 20 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 50 (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын • Көрсеткіш 2.2.3: Мемлекеттік қызметтер БҰҰДБ қолдауымен енгізген цифрлық және үлкен деректер технологияларының саны Бастапқы мән: 1 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 5 (2025) Дереккөз, жиілік: Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, жыл сайын <p>Нәтиже 2.3: Әйелдер мен халықтың маргиналданған топтарына ерекше назар аударып отырып, сот төрелігіне қолжетімдікті кеңейту және кемсітушілікке қарсы күресу мақсатында құқық үстемдігі және адам құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық мекемелер мен жүйелердің әлеуеті, функциялары және қаржыландырылуы нығайтылды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 2.3.1: Қауымдық (учаскелік) полицияның функционалды жүйесі бар аудандар саны Бастапқы мән: 1 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 30 (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын • Көрсеткіш 2.3.2: Көрсетілген сот қызметтеріне қанағаттанған халық үлесі Бастапқы мән: 72% (2015) 		
--	---	--	--	--

		<p>Мақсатты көрсеткіш: 85% (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын</p> <ul style="list-style-type: none"> Көрсеткіш 2.3.3: (ТДМ 5.2.1.1) Әйелдерге қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары санының қысқаруы Бастапқы мән: 26,8% (2018) Мақсатты көрсеткіш: 30% (2023) Дереккөз, жиілік: Статистика комитеті, жыл сайын <p>Нәтиже 2.4: Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге баса назар аударатын отырып, Қазақстанның ұстанымдарын қолдау үшін даму саласында үшжақты бастамалар жүзеге асырылуда</p> <ul style="list-style-type: none"> Көрсеткіш 2.4.1: Қазақстанның басшылығымен және БҰҰДБ қолдауымен жүзеге асырылатын халықаралық және өңірлік ынтымақтастық саласындағы бастамалар саны Бастапқы мән: 1 (олардың ішінде гендерлік теңдікке баса назар аударатындары: 1) (2020) Мақсатты көрсеткіш: 10 (олардың ішінде гендерлік теңдікке баса назар аударатындары: 5) (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, Сыртқы істер министрлігі (СИМ), жыл сайын 		
ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚ НЕМЕСЕ МАҚСАТ: «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Бәсекеге қабілетті кәсіпкерлер елдің табиғи ресурстарын тиімді және орнықты түрде пайдаланатын білімге негізделген әртараптандырылған экономика				
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ (НЕМЕСЕ БАЛАМАЛЫ ҚҰЖАТ) БОЙЫНША БҰҰДБ ҚАТЫСУЫН КӨЗДЕЙТІН НӘТИЖЕ №3: 3.1. 2025 жылға қарай Қазақстанның бүкіл халқы, әсіресе халықтың неғұрлым осал топтары орнықты және лайықты жұмыс істеу, тіршілікке қажетті қаражат табу және кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін өндірістік мүмкіндіктері, дағдылары мен тең мүмкіндіктері жақсартылған инклюзивті, тұрақты әрі өміршең экономикалық дамудың игіліктерін пайдаланады				
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫ НӘТИЖЕСІ: Нәтиже 2. Тұрақты дамуға қажетті құрылымдық түрлендіруді жеделдету				
<p>Оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби дағдыларды үйренбейтін (ОЖҚДҮ) жастардың (15 жастан 24 жасқа дейінгі) үлесі (8.6.1 (G) көрсеткішіне байланыстырылған) Бастапқы мән: 6% (2018) Мақсатты көрсеткіш: 4% (2030)</p>	<ul style="list-style-type: none"> Статистика комитеті (жыл сайын) 	<p>Нәтиже 3.1: Жұмыс күшінің сыртқы әсерлерге тұрақтылығын арттыру мақсатында кәсіби дағдыларды дамыту саласындағы мүмкіндіктер, саясат пен тұғырнамалар кеңейтілді</p> <ul style="list-style-type: none"> Көрсеткіш 3.1.1: Өзара іс-қимыл тұғырнаамасын пайдаланатын, сыртқы 	<ul style="list-style-type: none"> - Сауда министрлігі - ҰӘМ - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - Кеден - Білім беру мекемелері 	<p>Қалыпты бюджет: \$174 500</p> <p>Басқа көздер: \$21 500 000</p>

<p>Еңбек нарығының құрылымдық икемділігінің жаһандық индексі (Global Labour Resilience Index) бойынша Қазақстанның рейтингі Бастапқы мән: 60 (2020) Мақсатты көрсеткіш: 50 (2025)</p> <p>Жаһандық білім индексі (Global Knowledge Index) бойынша Қазақстанның рейтингі Бастапқы мән: 64 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 59 (2025)</p> <p>7.3.1 (G) Бастапқы энергия шығысының ЖІӨ-ге қатынасы ретінде есептелетін энергия сыйымдылығы Бастапқы мән: 0,4 (2018) Мақсатты көрсеткіш: 0,39 (2025)</p>		<p>әсерлерге төзімділікті арттыру жөніндегі қауымдық бағдарламаларға қатысағын ОЖКДҮ жастардың саны (жасы мен жынысы бойынша бөлінген) Бастапқы мән: 7400 (2019) Мақсатты көрсеткіш: 40 000 (олардың ішінде 8000 қыз) (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын</p> <p>Нәтиже 3.2: Экономиканы әртараптандыруды және білім экономикасына көшуді қолдайтын саясат жүргізіліп, әріптестік байланыстар орнатылды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 3.2.1: Ғылымға қатысты және білім алмасу саласындағы жаңа сектораралық бастамалар саны Бастапқы мән: 0 (2020) Мақсатты көрсеткіш: 10 (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын <p>Нәтиже 3.3: Жергілікті экономикалық даму өндірістік-өткізу тізбектерін интеграциялау және өңірлік даму бағдарламаларын жүзеге асыруға жәрдемдесу есебінен күшейтілді</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 3.3.1: Биоалуантүрлілік, ауыл шаруашылығы және экотуризм салаларында қолдау көрсетілген кәсіпорындардың/құрылған жасыл жұмыс орындарының саны Бастапқы мән: 0 (2020) Мақсатты көрсеткіш: 100 кәсіпорын (30%-і әйелдердің басшылығымен) (2025) Бастапқы мән: 0 (2020) Мақсатты көрсеткіш: 100 жасыл жұмыс орны құрылды Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын 	<ul style="list-style-type: none"> - Біріккен Ұлттар Ұйымының мекемелері (ХЕҰ, ЮНКТАД) - Халықаралық қаржы корпорациясы - Стартаптар, әлеуметтік инкубаторлар - Қаржы министрлігі - Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі - Жапония Үкіметі 	
---	--	---	--	--

ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚ НЕМЕСЕ МАҚСАТ: Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары: 6-саясат. Жасыл экономика және қоршаған ортаны қорғау				
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ (НЕМЕСЕ БАЛАМАЛЫ ҚҰЖАТ) БОЙЫНША БҰҰДБ ҚАТЫСУЫН КӨЗДЕЙТІН НӘТИЖЕ №4: 3.2. 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда халықтың неғұрлым осал топтары климаттың өзгеруіне төзімділікті арттырудың, қоршаған орта мен таза энергияны орнықты басқарудың, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандардың орнықты дамуының артықшылықтарын пайдаланады				
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫ НӘТИЖЕСІ: Нәтиже 2. Тұрақты дамуға қажетті құрылымдық түрлендіруді жеделдету				
<p>Даму мақсаттарындағы ресми көмек (ДРК) және биоалуантүрлілікті және экожүйелерді сақтауға және орнықты пайдалануға арналған мемлекеттік шығыстар</p> <p>(а) Қазақстанға берілетін ДРК Бастапқы мән: \$3,01 млн (2017) Мақсатты көрсеткіш: \$3,23 млн (2030)</p> <p>(б) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға арналған мемлекеттік шығыстар (15.b.1 N) Бастапқы мән: 8566,2 млн теңге (2018) Мақсатты көрсеткіш: 13 300 млн теңге (2025)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Статистика комитеті (жыл сайын) • СИМ • Қаржы министрлігі (жыл сайын) 	<p>Нәтиже 4.1: Жергілікті қауымдастықтар мен табиғаттың әл-ауқатын арттыру мақсатында экожүйелерді неғұрлым тұрақты пайдалануға бағытталған шешімдер әзірленді және ресурстар жұмылдырылды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 4.1.1: Жергілікті деңгейде өмір сүруге қажетті қаражат көзі ретінде маңызды бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі Бастапқы мән: ел ауданының 9,6%-і (2018) Мақсатты көрсеткіш: 10,6% (2023) Бастапқы мән: 221 600 пайда көруші (2019) Мақсатты көрсеткіш: 397 000 пайда көруші (жынысы бойынша бөлінген) (2023) Дереккөз, жиілік: Статистика комитеті, жыл сайын • Көрсеткіш 4.1.2: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстауға арналған мемлекеттік шығыстар Бастапқы мән: 8566,2 млн теңге (2018) Мақсатты көрсеткіш: 13 300 млн теңге (2025) Дереккөз, жиілік: Статистика комитеті, жыл сайын • Көрсеткіш 4.1.3: Ауылдық қауымдарға пайда әкелетін өнімділігі жоғары егістік алқаптарының үлесі Бастапқы мән: Фермерлер экономикалық шығынға ұшырап отырған тәжірибелік аудандардағы өнімділігі төмен тозған жерлер (топырақтағы гумус мөлшері орташа есеппен 2%) (2020) Мақсатты көрсеткіш: Тәжірибелік тозған жерлердің кемінде 2,8%-і қалпына келтіріліп, өнімділігі ұлғайтылды 	<ul style="list-style-type: none"> - Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (ЭГТРМ) - Энергетика министрлігі - Ауыл шаруашылығы министрлігі (АШМ) - ҰӘМ - Төтенше жағдайлар комитеті - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры - «Астана» халықаралық қаржы орталығы - Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы - ХҚМ - Еуропа одағы - Біріккен Ұлттар Ұйымының мекемелері 	<p>Қалыпты бюджет: \$125 500</p> <p>Басқа көздер: \$29 800 000</p>

<p>Түпкілікті энергия өндірісінің жалпы көлеміндегі жаңғырмалы энергия көздерінің үлесі Бастапқы мән: 1,3 (2018) Мақсатты көрсеткіш: 3% (2020), 6% (2025) және 10% (2030)</p> <p>12.5.1 (N) Өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу мен жою көлемдерінің оларды қалыптастыру көлемдеріне арақатынасы Бастапқы мән: 32,2% (2018) Мақсатты көрсеткіш: 38% (2021)</p> <p>12.5.1.1 (N) Қатты қалдықтарды қайта өңдеу мен жою көлемдерінің оларды қалыптастыру көлемдеріне арақатынасы Бастапқы мән: 11,5% (2018) Мақсатты көрсеткіш: 40% (2030)</p>		<p>(топырақтағы гумус мөлшері 10%) және бұл шаралармен фермерлердің кемінде 5%-і қамтылып, тәжірибелік аудандардағы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейтілді (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, АШМ, жыл сайын</p> <p>Нәтиже 4.2: Энергетикалық секторды құрылымдық қайта құру және халықтың денсаулығын жақсарту жөнінде шешімдер әзірленді, қаржыландырылды және кең ауқымда қолданылды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 4.2.1: Энергияны үнемдеу мен энергияның жаңғырмалы көздері салаларындағы жаңа шешімдерді енгізу арқылы қысқартылған CO₂ шығарындылары мен ластаушы заттардың көлемі Бастапқы мән: 0 тонна (2020) Мақсатты көрсеткіш: 1,8 млн тонна/ бір тоннаға шаққанда 130 млн кг (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ/Энергетика министрлігі, жыл сайын • Көрсеткіш 4.2.2: Жел мен күн энергиясын өндіру бойынша орнатылған жаңа қуаттар (МВт) және жаңғырмалы энергия өндірісін ұлғайту (МВт·сағ) Бастапқы қуат мәні: 0 МВт (2020) Мақсатты көрсеткіш: 9,5 МВт (2025) Бастапқы өндіру мәні: 0 МВт·сағ (2020) Мақсатты көрсеткіш: 25,4 ГВт·сағ (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ/Энергетика министрлігі, жыл сайын <p>Нәтиже 4.3: Химиялық заттармен және қалдықтармен экологиялық қауіпсіз жұмыс істеу жүйесі халықаралық стандарттар мен міндеттемелерге сәйкестікке келтірілді</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 4.3.1: Қолданыстағы қалдықтармен орнықты жұмыс істеу жүйесі Бастапқы мән: 0 стратегиялық құжат (2020) 		
--	--	---	--	--

<p>Климат өзгеруінің қолайсыз салдарларына бейімделуді көздейтін және азық-түлік өндірісіне қауіп төндірмейтін жолмен климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыруға және парниктік газдар шығарындыларын қысқартуға жәрдемдесетін кешенді саясатты/стратегияны/жоспарды қабылдау</p> <p>Бастапқы мән: 0 (2020) Мақсатты көрсеткіш: Бейімделу саласындағы бір ұлттық жоспар және гендерлік аспектілерді ескеретін ұлттық деңгейде айқындалатын салымды жүзеге асыру жөніндегі бір ұлттық жоспар қолданылады (2030)</p>		<p>Мақсатты көрсеткіш: 2 (2023) Бастапқы мән: 0 химиялық заттарды қайта өңдеу жүйесі (2020) Мақсатты көрсеткіш: 1 (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ/ЭГТРМ, жыл сайын</p> <p>Нәтиже 4.4: Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі шаралар ұлттық саясатқа, стратегиялар мен жоспарлау процесіне енгізілді</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көрсеткіш 4.4.1: Экономиканы әртараптандыру мен жасыл өсуді ынталандыруға бағытталған ұлттық, субұлттық және секторлық жоспарлар мен даму стратегияларына енгізілген шығарындылар деңгейін төмендетуге және климаттың өзгеруіне төзімділікті нығайтуға байланысты мақсаттар Бастапқы мән: 6 (2020) Мақсатты көрсеткіш: >6 (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын • Көрсеткіш 4.4.2: Климаттың өзгеруіне және табиғи апаттарға төзімді орнықты әрі төмен көміртекті экономикаға көшу мақсаттарында бюджеттен бөлінген мемлекеттік инвестициялар/тартылған жеке инвестициялар Бастапқы мән: 0 (2020) Мақсатты көрсеткіш: \$100 млн (70%/30%) (2025) Дереккөз, жиілік: БҰҰДБ, жыл сайын 		
---	--	---	--	--